



**Мордовская Дарья,
дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен
орталығының
8 сынып оқушысы**

«Өркендеу - өркениет жолы» бұрынғы Ақмола, бүгінгі Астана болып өзгеруі еліміздің экономикалық дамуына үлкен әсерін тигізді. Осы кезге дейін бұл қала шағын облыс орталығы болса, енді бас қалаға айналуына байланысты Астана әлем назарына ілікті. Осы Астананы көркейту мақсатына 14,3 миллиард теңге жұмсалды. Ал мұндай қаражат бұл қалаға бұрын соңды бөлінбеген.

Бір – екі жылда «Мәскеу тұрғызылды» деуге болмайды. Бірақ тарихи орындар, ғимараттар әлемдік стандартта салынғаны сонымен қатар қалаға көрік беріп, халыққа қызмет ететін тамаша құрылыстар бой көтерген. Мысалы, түрік қандастарымыздың «Окан-Холдинг» компаниясы салған «Алатау-интерконтиненталь» бес жұлдызды 25 қабатты мейманханасы «Аксель» атты фирмасының «Есіл» тұрғын үй кешені де...

Астананың тұсау кесер тойы тек қана көңіл көтеру емес, есеп беретін кезең. Астананың Қажымұхан Мұңайтпасұлы атындағы орталық стадионды, салтанатты мәжіліс өтетін Республика сарайын, орталық алаңды, Есіл өзенінің жағалауын, үлкен көпірді, қаланың көше, даңғылы, тұрғын үй, ғимараттарды 1998 жылдың маусымына тұсау кесер тойға тарту етті.

Астананың жетістіктері: бұрын тоқтап тұрған көптеген өндіріс орындары қайта іске қосылды. Олардың көбі жаңа технологияға негізделіпті. Мысалға тас өңдейтін «Астана-гранит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі италияндық жаңа жабдықтарды өндіріске енгізу нәтижесінде үлкен көлемді гранит плиталарын шығара бастады. Сонымен қатар «Цесна-Астық», «Фудмастер», «Апрель», «Уфик» ЖШС. Бұл кәсіпорынның өнімдері сапалығымен ерекше. Ал қазір Есіл өзенінің сол жағалауындағы арнайы экономикалық аймақта жұмыстары жүріп жатыр. Ол Астананың әсем келбетін күллі әлемге тағы бір танытатыны айдай анық.

[Введите текст]

Астана АЭА-ның (арнайы экономикалық аймағының) жұмыс істеуіне байланысты сыртқы экономикалық қызмет жүйесі жандана түсті. Экспорт-импорттық операциялар көлемі үстіміздегі жылдың 4 айында 104 млн.долларға көтерілді. Негізгі экспорт алушылар қатарында Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, т.б. ТМД елдері бар. Шетелге экспортқа негізінен астық, ұн, жарма өнімдері мен машина жасау жабдықтары шығарылады.

Астана байланыс, телекоммуникация саласында да айтарлықтай жаңалық еңгізді.

Астана қаласы Ел Ордасы болуына орай, әрі оның болашатағы экономикалық дамуына жағдай жасау мақсатымен 1998 жылы 6 мамырында ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Сарыарқа» және «Алматы» атты екі ауданға бөлінді.

Елдің біртұтастығы мығым болса, іске аспайтын жоспар болмайды. ХХІ ғасырда Ел Ордасы Астанамыз әлемдік деңгейге жетіп, ал Қазақстан мемлекет экономикасы дамыған рухани байлыққа да, табиғи байлыққа да кенелген.

Бүгінгінің мәселелерін шешу, қиындықтардан шығу талай елдің, талай ердің қолынан келер. Ал мемлекеттің болашағына, ұлттың тағдырына қатысты түйінді мәселені мына заманда шешу – елдің елінің, ердің ғана қолынан келед. Бұған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың болмыс-бітімі жарқын айғақ. Елбасымыз «Өз елім менің - өзегім менің» – дейтін халқымыздың қалаулы Азаматы.